



22.09.2026

Алматы қаласы


Өтінішке жауап ретінде:
№ KZ58BJKCSD00010882

Өтініш беруші:
"FinQ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БСН: 211140032872

**Жеке меморандумға енгізілген өзгерістерді
және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік
тіркеу туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, «FinQ» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) ұсынылған құжаттарды қарап «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7-тармағының негізінде купондық кезеңдердің нөмірленуінің өзгеруіне байланысты Серіктестіктің жеке орналастыруға жататын облигациялар шығарылымы проспектісіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеді.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

Сейтказин Бакытжан Майданович
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат 2026 жылғы 9 қаңтардағы N255-VIII ҚР Цифрлық кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз нұсқадағы құжатқа тең.

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса РК от 09 января 2026 года N255-VIII равнозначен документу на бумажном носителе.

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"FinQ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью "FinQ"
Ағылшын тілінде	«FinQ» Limited liability partnership

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"FinQ" ЖШС
Орыс тілінде	ООО "FinQ"
Ағылшын тілінде	«FinQ» LLP

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

211140032872

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 3 000 000 (үш миллион) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 3 000 000 000 (үш миллиард) Теңге

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 10% (он пайыз) мөлшерінде белгіленеді және бірінші және екінші купондық кезеңдер ішінде қолданылады.

Үшінші купондық кезеңнен бастап бесінші купондық кезеңнің аяқталуына дейін қоса алғанда, купондық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 11,5% (он бір бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде белгіленеді.

2026 жылғы 29 маусымда басталатын алтыншы купондық кезеңнен бастап Облигацияларды толық өтеу күніне дейін купондық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 13,5% (он үш бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде белгіленеді.

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақысы жоқ.

Облигацияларды өзге де мүлктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны мен номиналды құнын төлеуі басқа мүлкті құқықтармен жүзеге асырылмайды.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүзеге асырылады, Облигациялар бойынша сыйақы төлеудің бұл кезеңділігі бірінші және екінші купон кезінде жарамды. Кейінгі купондық кезеңдерде Облигациялар бойынша сыйақы жылына 1 (бір) рет, Облигациялар бойынша екінші купондық кезең аяқталған күннен бастап әрбір 12 (он екі) ай сайын төленеді.

Облигациялар бойынша купонды төлеу кестесі:

1.Тіркеуді тапсыру күні 28.12.2022

Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00

Купонның басталу күні 29.12.2022

Төлемнің аяқталу күні 27.01.2023

2.Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2023

Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00

Купонның басталу күні 29.06.2023

Төлемнің аяқталу күні 28.07.2023

3. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2024

Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00

Купонның басталу күні 29.06.2024

Бұл құжат 2026 жылғы 9 қаңтардағы N255-VIII ҚР Цифрлық кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз нұсқадағы құжатқа тең.

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса РК от 09 января 2026 года N255-VIII равнозначен документу на бумажном носителе.



Төлемнің аяқталу күні 28.07.2024

4. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2025
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2025
Төлемнің аяқталу күні 26.09.2025

5. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2026
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2026
Төлемнің аяқталу күні 28.09.2026

6. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2027
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2027
Төлемнің аяқталу күні 27.09.2027

7. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2028
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2028
Төлемнің аяқталу күні 26.09.2028

8. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2029
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2029
Төлемнің аяқталу күні 26.09.2029

9. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2030
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2030
Төлемнің аяқталу күні 26.09.2030

10. Тіркеуді тапсыру күні 28.06.2031
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.06.2031
Төлемнің аяқталу күні 26.09.2031

11. Тіркеуді тапсыру күні 28.12.2031
Тіркеуді тапсыру уақыты 00:00:00
Купонның басталу күні 29.12.2031
Төлемнің аяқталу күні 29.03.2032

Облигациялар бойынша сыйақы есебі басталатын күні:

Облигациялар бойынша сыйақы есебі Облигациялар айналымға шығатын күннен басталады. Сыйақы есебі Облигациялар айналымы мерзімі ішінде жүзеге асырылады және Облигациялар айналымының соңғы күні аяқталады.

Облигациялар бойынша сыйақыны қабылдау шарттары мен тәсілдері:

Сыйақы оны қабылдауға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздардың ұстаушылар

Бұл құжат 2026 жылғы 9 қаңтардағы N255-VIII ҚР Цифрлық кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз нұсқадағы құжатқа тең.

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса РК от 09 января 2026 года N255-VIII равнозначен документу на бумажном носителе.



реестірінде сыйақы төленетін күннен соңғы күн мерзімінде (Облигациялар ұстаушыларының реестірін жүргізетін орталық депозитарийі орналасқан жеріндегі уақыты бойынша), тіркелген тұлғаларға төленеді (бұдан әрі – "Бекіту күні").

Сыйақы төлеуі Эмитентпен ақшаны Бекіту күннің басында Облигациялар ұстаушылар реестірінде тіркелген (Облигациялар ұстаушыларының реестрін жүргізетін орталық депозитарийі орналасқан жеріндегі уақыты бойынша) Облигациялар ұстаушының банктік шотына аударылым арқылы Бекіту күннен кейінгі 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Төлем күніне Облигациялардың әрбір ұстаушысына төленетін купондық сыйақы сомасы Облигациялардың тиісті ұстаушысына тиесілі өтелмеген Облигациялардың номиналды құнының және жарты жылдық купондық мөлшерлеменің (жылдық купондық мөлшерлеме) көбейтіндісі ретінде есептеледі. екіге бөлінген Облигациялар бойынша) - бірінші және екінші купондық кезеңдер үшін, басқа купондық кезеңдер үшін Облигациялар бойынша жылдық купондық мөлшерлеме қолданылады. Үтірден кейінгі таңбалар саны мен дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу бүкіл айналым мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн есебінен жүргізіледі.

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді

Облигациялар айналымға шыққан күн Биржаның ережелеріне сәйкес Облигациялар орналастыру бойынша Бірінші жүзеге асырылған сауда-саттығын жүргізу күні болып табылады. Облигациялар айналымға шыққан күн бойынша ақпарат Биржаның (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 9 (тоғыз) жыл 6 (алты) айды құрайды.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 9

Айлар: 6

Күндер:



7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 9 (тоғыз) жыл 6 (алты) ай өткеннен кейін, Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде.

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар бойынша негізгі қарызды өтеу төлемдері бір уақытылы облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының 31-баптың 3-1 тармағына сәйкес, банктік аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы бар эмитенттерді қоспағанда, эмитент соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есепке жатқызу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпараты бар облигацияларды ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударыады. Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен осы облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

Ұйымдастырылған

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі



- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
- 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемишарттары
- 6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Осы шығарылған облигациялар қамтамасыз етілмеген.

- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылған облигациялар қамтамасыз етілмеген.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)



9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Осы шығарылымнан алынған қаражаттар Эмитенттің айналым қаражатын толықтыруға және ірі өнеркәсіптік компаниялармен жеке және мемлекеттік қатысуын қамтитын факторинг мәмілелерін қаржыландыруға бағытталады. Факторинг қызметтері өндірістік, қазба және басқа объектілерде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізетін, жабдықты жеткізіп орнататын, сондай-ақ тауарларды жеткізу мен қосымша сервистік қызметтер көрсететін контрагент-жеткізушілерге ұсынылады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:



эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- 1) осы жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар өтелген кезде олардың номиналды құнын алуға;
- 2) осы жеке меморандумда көзделген мерзімдерде және мөлшерде Облигациялардың номиналды құнынан есептелетін тіркелген сыйақыны алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа қағидаларына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигациялар бойынша өз талаптарының қанағаттандырылуына;
- 5) осы жеке меморандумда белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін Эмитенттің сатып алуын талап етуге;
- 6) Облигацияларды еркін сатуға және оларға өзге де тәсілдермен билік етуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жеке меморандумда көзделген жағдайларда Облигацияларды Эмитенттің сатып алуын талап етуге құқылы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асырудың талаптары, тәртібі және мерзімдері осы тармақшада айқындалған.

а) Эмитент Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының 15-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзған жағдайда, сондай-ақ аталған Заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің сатып алуын талап етуге құқылы.

Эмитент "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзған жағдайда, Облигациялар номиналды құнына жинақталған сыйақы қосылған баға бойынша сатып алынады.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың неғұрлым жоғарысы бойынша сатып алуға міндетті:

- (i) Облигациялардың номиналды құнына жинақталған сыйақы қосылған баға;
- (ii) Облигациялардың әділ нарықтық құны.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Облигацияларды сатып алу үшін



негіздердің кез келгені туындаған жағдайда Эмитент мұндай негіздер туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларға осы негіздің туындағаны туралы хабарлауға міндетті.

Аталған ақпараттық хабарламада Облигацияларды сатып алу үшін қандай негіз туындағанының толық сипаттамасы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпарат қамтылуға тиіс.

Көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға ұсынылатын Облигациялар саны көрсетілген жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент мұндай өтініштерді қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш келіп түскен жағдайда Эмитенттің Жалғыз қатысушысы жазбаша өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған соңғы күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде мынадай мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті:

Облигацияларды сатып алу туралы;

Облигациялар сатып алынатын баға туралы;

сатып алынатын Облигациялар саны туралы;

Облигацияларды сатып алу күні туралы, бұл ретте сатып алу күні Эмитенттің Жалғыз қатысушысы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмеуге тиіс;

есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде:

а) Облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алу нәтижесінде есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі;

б) сатып алынған Облигациялар үшін Облигацияларды ұстаушыға ақшалай қаражат аудару тәртібі;

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Жалғыз қатысушы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларға осы шешім туралы хабарлауға міндетті.

Жарияланған ақпаратта мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

Облигациялар сатып алынатын баға және оны есептеу тәртібі;

сатып алынатын Облигациялар саны;

Облигацияларды сатып алу күні;

есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

а) Облигацияларды ұстаушылардың Орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алу нәтижесінде есептен шығару туралы бұйрықтар беру тәртібі;

б) сатып алынған Облигациялар үшін Облигацияларды ұстаушыға ақшалай қаражат аудару тәртібі;

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.



Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Жалғыз қатысушының Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

б) осы жеке меморандумда көзделген дефолт оқиғасы туындаған жағдайда.

Дефолт оқиғасы туындаған кезде Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің сатып алуын талап ету құқығын іске асырудың тәртібі мен мерзімдері осы жеке меморандумның 11-тармағында айқындалған.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұл шығарылымның өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

1) Келесі оқиғалар тізбесі орын алған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдылығы бар.

Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолтқа әкеп соғуы мүмкін оқиға (бұдан әрі – Дефолт оқиғасы) Эмитенттің осы Заңда белгіленген мерзімдерде Облигациялардың негізгі сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылатын, негізгі борышты төлеуге арналған жеке меморандум.

2) Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар, оның ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті орындалмаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау тәртібі, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайы туындаған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушыларға төлеу жөніндегі ақшалай міндеттемені орындаған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ресми мөлшерлемесі негізінде Облигациялар бойынша негізгі қарыздың сомасының (нақты төленген күні) немесе оның тиісті бөлігінің сомасының әрбір кешіктірілген күн үшін (өсімпұл есептелетін соңғы күн нақты төлеу күні) тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген тәртіппен және мерзімде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің облигация ұстаушысының банктік шотының анық емес немесе толық емес деректемелерін алуының нәтижесі, эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлеуін мүмкін етпейтін немесе "Орталық депозитарий" АҚ-ның уәкілетті органға ұсынбауы нәтижесінен орын алса, облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Эмитент заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізеді.

Егер Эмитенттің Облигациялары бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан болса Эмитент жауапкершіліктен босатылады. Форс-мажорлық мән-жайлар туындауы болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-



жайлар (табиғат құбылыстары, соғыс әрекеттері, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы әрекеттері және т.б.) болып табылады. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде Эмитенттің осы жеке меморандум бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес ұзартылады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары Эмитент пен Облигация ұстаушылары арасында келісіледі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға берген құқықтарын ескере отырып, Эмитенттің Жалғыз қатысушысы қабылдайды. Эмитент осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген мерзімдерде, тәртіппен және әдістерді пайдалана отырып, облигацияларды ұстаушылардың назарына өтелмеген жағдайдың туындауы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Эмитент дефолт жағдайдың туындауы туралы ақпараттық хабарламаны алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигациялардың санын, жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигацияларды ұстаушылардың, Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқығы) жазбаша өтініштерін қабылдауға міндетті.

Дефолт жағдайының туындауы туралы ақпараттық хабарлама алғаш рет жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитент Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне басқа мәселелерден бөлек, оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі Эмитент дайындаған іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы жеке меморандумға мүмкін болатын түзетулер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс.

Егер Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысының қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитент оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмайтыны туралы шешім қабылданса, сондай-ақ Эмитент шартта көзделген мерзімдерде борышкердің қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамаға сәйкес кредиторлар талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмаған жағдайда Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын төлемесе және Облигацияларды өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Эмитент пен Облигацияларды ұстаушылардың одан әрі әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысының қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсе, Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигацияның өз ұстаушысына берген құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

3) Облигацияларды ұстаушылардың назарына міндеттемелерді орындамау фактілері туралы ақпаратты, оның ішінде орындалмаған міндеттемелердің сомасы (туралы), міндеттемелерді орындамаудың себебі туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және әдістері, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерінің тізімі, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың митентке, эмитент міндеттемелері бойынша ортақ және бірлескен жауапкершілігі бар тұлғаларға талап қою тәртібі:

Облигациялар бойынша Дефолт жағдайы орын алған кезде Эмитент мұндай Дефолт жағдайды тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салады.




Дефолт жағдайы орын алған болса, Эмитент тиісті оқиға болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті. Эмитенттің, Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) – оның ережелерінде белгіленген тәртіппен және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен.

Эмитенттің ақпараттық хабарламасы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- Дефолт оқиғаның туындау себептерін толық сипаттау;
- Орындалмаған міндеттемелер сомасы туралы мәліметтер;
- Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін, оның ішінде Облигация ұстаушылардың Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдерін атап шығу;
- Дефолт оқиғасының туындауына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күн;
- Эмитент шешімі бойынша басқа ақпарат.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

ЛИ ВЛАДИМИР ВАЛЕРЬЕВИЧ
(тегі, инициалдары)





22.09.2026

город Алматы


В ответ на заявление
№ KZ58BJKCSD00010882

Заявитель:
Товарищество с ограниченной ответственностью
"FinQ"
БИН: 211140032872

**О государственной регистрации изменений и
(или) дополнений в Частный меморандум**

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, рассмотрев документы, представленные ТОО «FinQ» (далее – Товарищество), на основании пункта 7 статьи 12 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» зарегистрировало изменения и дополнения в проспект выпуска облигаций Товарищества, подлежащих частному размещению, в связи с изменением нумерации купонных периодов.

Уполномоченное лицо:



Электронная цифровая подпись:

Сейтказин Бакытжан Майданович
(фамилия, инициалы)

ЧАСТНЫЙ МЕМОРАНДУМ

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения негосударственных облигаций, описанных в частном меморандуме, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно эмитента и его размещаемых негосударственных облигаций.

1. Полное и сокращенное наименование эмитента на казахском, русском и английском (при наличии) языках.

Полное наименование

На казахском языке	"FinQ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
На русском языке	Товарищество с ограниченной ответственностью "FinQ"
На английском языке	«FinQ» Limited liability partnership

Сокращенное наименование

На казахском языке	"FinQ" ЖШС
На русском языке	ТОО "FinQ"
На английском языке	«FinQ» LLP

2. Бизнес-идентификационный номер эмитента

211140032872

3. Сведения о выпуске облигаций:

1) вид облигаций, количество облигаций и общий объем выпуска облигаций.

